Жеңіс шұғыласы

№ 41 (9126), жұма, 23 қазан 2026 жыл

Республика күні 25 қазан

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР ТАПСЫРДЫ



Мемлекет басшысы салтанатты жиынға қатысушыларды Құтқарушы күнімен құттықтап, төтенше жағдай саласының қызметшілеріне ризашылығын білдірді.

– «Құтқарушы» сөзінің мағынасы – өте кең әрі терең. «Құтқару» – әрдайым игі іс жасаумен, жақсылық істеумен байланысты ұғым. Адам өміріне араша түсу, азаматтарды қауіп-қатерден қорғау, оқыс жағдайға тап болған адамдарға қол ұшын созу, тіпті, олардың қорқынышын басып, жұбату сөз айту – осының бәрі де нағыз құтқарушының бойынан табылатын асыл қасиеттер. Сондықтан халқымыз сіздерді, яғни еліміздің барша құтқарушы мамандарын бейбіт күннің батырлары деп атайды. Бұл – шын мәнінде әділетті баға. Әрине, құтқарушы болу көптің алғысына бөлейтін абыройлы және мәртебелі қызмет екені сөзсіз. Алайда азаматтық қорғаныс саласында адал еңбек ету бәрінің қолынан келе бермейтін шаруа екенін де ұмытпауымыз қажет. Батыл, қайсар, ширақ әрі өжет болу – өз алдына өте маңызды талап екені даусыз. Бірақ құтқарушы ең алдымен елге жаны ашитын отаншыл азамат және білікті маман болуға тиіс. Осындай күрделі жұмысты рухы мықты, жауапкершілігі жоғары, жүректі адамдар ғана таңдайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай саласының қызметшілері ешқандай қауіп-қатерден тайсалмайтын, сынсағатта жедел шешім қабылдай алатын, арнайы даярлықтан өткен нағыз кәсіби мамандар деп есептейтінін айтты.

– Құтқарушылардың еңбегі қашанда еліміздің көз алдында. Сіздер күн сайын тәуекелге барып, кәсіби міндет пен жауапкершілікті бәрінен биік қоясыздар. Басқаша айтқанда, от пен судың ортасында жүресіздер. Төтенше жағдайға түскен адамдарға жәрдем беріп, оларды қиындықтан құтқару үшін қажымай қызмет етесіздер. Құтқарушылар кез келген төтенше жағдайда бірінші болып көмекке ұмтылады. Олар өзгенің өмірін сақтау үшін, өз өмірін қатерге тігеді. Бұл – нағыз құтқарушыға тән батырлық. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздердің ерен еңбектеріңіз қоғамымыздың айрықша сый-құрметіне лайықты деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазір еліміз түбегейлі жаңғыру мен өзгеріс жолына нық сеніммен қадам басқанын атап өтіп, қоғамның барлық саласында ауқымды реформалар жүзеге асырылғанына тоқталды.

– Еліміздің басты мақсаты да, міндеттері де – айқын. Біз біртұтас қоғам болып заң мен тәртіп үстемдік құратын, ынтымағы мықты, бірлігі бекем, Әділетті, Озық, Күшті және Таза Қазақстанды құрып жатырмыз. Жалпы халық қолдаған жаңа Конституциямыз 1 шілде күні заңды күшіне енді. Бұл – бүкіл еліміз үшін тарихи оқиға. Конституциямызға көптеген ел зор ықыласпен назар аударды. Өйткені Конституция жарқын болашаққа жол ашатын қастерлі құжатымыз, ұлтымыздың темірқазығы ретінде заман талабына сай мүлде жаңа сипатқа ие болды. Конституцияда адам және оның өмірі ең жоғары құндылық екені айқын жазылды. Азаматтық қорғаныс саласының әр қызметкері адам өмірін қорғап, Конституциямыздың осы мызғымас құндылығын сақтауға зор үлес қосуда. Сондықтан еліміздің барша құтқарушыларын қауіпсіз Қазақстанның мызғымас тірегі десек, артық болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, ұлтымыздың болашағына тікелей әсер ететін осындай іргелі өзгерістердің арқасында мемлекеттік басқару жүйесі толық жаңғырды.

– Елімізде бір палаталы Құрылтай жұмыс істей бастады. Конституциялық мәртебесі бар ең жоғары консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесі де өз жұмысына кірісті. Қауіпсіздік Кеңесінің реформасы жүргізілді. Таяу арада барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауы өтеді. Қазіргі таңда менің тапсырмаммен еліміздің Қарулы күштерін реформалау, жаңа үлгідегі әскер жасақтау жұмысы басталды. Қазақстанның армиясы қазіргі заманның әскери талабына сай, басқа сөзбен айтқанда, әрбір қауіп-қатерге тойтарыс беруге дайын озық, мықты қарулы күш болуға тиіс. Себебі Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін көздің қарашығындай қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекетіміздің стратегиялық міндеті саналады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қорғаныс саласын дамыту үшін озық технологияларды енгізу және материалдық-техникалық әлеуетті нығайту маңызды екеніне назар аударды.

– Кейінгі бес жылда құтқарушыларымыз 75 мыңнан астам жедел шақырту бойынша 240 мыңға жуық азаматқа көмек көрсетті. Мемлекет азаматтық қорғаныс жүйесін одан әрі дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Бүгінде бұл салаға қойылатын талап түбегейлі өзгеруде. Ең басты міндет – апаттың алдын алу. Сондықтан осы салаға озық технологияны және жасанды интеллектіні енгізу аса маңызды. Құтқару қызметінің материалдық-техникалық әлеуетін нығайту да – өзекті мәселе қатарында. Қазір бұл бағытта ауқымды шаруа атқарылып жатыр. Соңғы үш жылда 3 мыңдай техника, соның ішінде жаңа ұшақтар мен тікұшақтар, сан алуан қызмет көрсетуге арналған кемелер сатып алынды.

60-қа жуық өрт сөндіру депосы мен құтқару станциясы салынды. Төтенше жағдайлар министрлігінің осыдан екі жыл бұрын құрылған ахуалдық орталығы азаматтық қорғаныс жүйесін басқаруға арналған маңызды құрылымға айналды. Соның арқасында тұрақты бақылау, қауіп-қатерді алдын ала болжау, жедел шешім қабылдау жұмысы оң нәтиже бере бастады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өндіріс орындарындағы, кеніштердегі, сондай-ақ шалғай елді мекендердегі қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылып жатқанын тілге тиек етті.

– Құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін өндірістік қауіпсіздік саласына цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдер енгізіліп жатыр. Бұдан бөлек, шалғай елді мекендердің қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағытта «Ауыл құтқарушылары» бастамасы қолға алынды. Жоба аясында кейінгі екі жылда 300-ге тарта өрт сөндіру бекеті құрылды. Нәтижесінде 450-ге жуық өрт дер кезінде тоқтатылды. Осы игі тәжірибені бүкіл ел аумағында кеңінен қолдану қажет. Тағы бір маңызды мәселе. Мемлекет тарапынан құтқарушыларға жанжақты қолдау көрсетілуге тиіс. Азаматтық қорғаныс саласы мамандарын заман талабына сай техникамен, қажетті қорғаныс құралжабдықтарымен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет. Құтқарушылардың кәсіби даярлығын үнемі жетілдіріп отыру керек. Сонымен бірге олардың мейлінше қауіпсіз жағдайда еңбек етуін қамтамасыз ету қажет. Мұның бәрі де – өте өзекті міндеттер, Үкімет осы міндеттерге назар аударуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргі кезде құтқарушылар жағдайды сараптай білуі, батыл болуы, жедел шешім қабылдап, кез келген қолайсыз ахуалдан жол табуы қажет деп санайды.

– Денені шыңдаумен бірге заманауи технологиялардың тілін білген жөн. Мәселен, ұшқышсыз аппараттардың және автоматтандырылған жүйелердің кеңінен қолданыла бастауы арнайы білім мен құзыретті талап етеді. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жаңа буынын даярлауда негізгі рөл атқарады.

Бұл – тұтас саланың ұстаханасы саналатын еліміздегі бірден-бір жоғары оқу орны. Академия уақыт талабына сай әлемдегі үздік тәжірибелерді қолданып, күрделі құтқару операцияларын зерделеуі керек. Сонымен қатар қазақстандық құтқарушылар мектебінің озық дәстүрлерін нығайта отырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтау қажет. Біздің азаматтық қорғау органдары төтенше жағдаймен күресте елімізде де, одан тысқары жерлерде де кәсібилігімен көзге түсіп жүр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет өз азаматтарына қай жерде болса да көмек қолын созатынын еске салды. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл қағидаттар Конституциямызда көрініс тапқан. Ата заңымызда ең алдымен адам өмірі мен қауіпсіздігін сақтау, оның құқығын қорғау ең жоғары құндылықтар ретінде қарастырылады. Осы орайда Президент қауіпсіздік әр адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын алға тартып, бейқамдық пен салғырттықты кез келген қоғамды артқа тартатын қасиеттер ретінде атады.

– Дегенмен апатқа көбіне адамдардың өзі себеп болатынын мойындау керек. Егер әркім өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты орындаса, апаттардың алдын алып, адамдардың өмірін сақтауға болар еді. Кейбіреулердің немқұрайдылығы мен салғырттығының салдары тым қымбатқа түседі. Қоғам қауіпсіздігі әр жанның ішкі тәртібіне байланысты қалыптасады. Сондықтан ежелден адам бойындағы жинақылық, тәртіптілік пен жауапкершілік секілді қасиеттер жоғары бағаланады. Тиянақты, ұқыпты, жауапкершілігі жоғары азаматтар – өркениетті және қауіпсіз қоғамның арқауы. Біз озық ойлы ұлт боламыз десек, өскелең ұрпаққа заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау құндылықтарын аманат етуіміз керек. Бұл қасиеттер қоғамдағы жаңа этиканың айнымас өлшемі болуға тиіс. Қиналған адамға көмек қолын созу – ұлтымыздың болмысына сіңген дағды. Мұны жауапкершілік пен жанашырлықтың озық үлгісін көрсетіп, бейбіт күнде ерен ерлік жасап жүрген азаматтарымыз нақты ісімен дәлелдеп жүр. Мемлекет осындай адамдарды ешқашан назардан тыс қалдырмайды, оларға лайықты құрмет көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сала мамандары өздеріне жүктелген міндетті адал атқарып, әрдайым ел игілігі үшін қызмет етіп келе жатқанын айтты.

– Жұртымыз құтқарушылардың қажырлы еңбегіне қашанда орасан зор құрметпен қарайды, сіздерді жоғары бағалайды. Бүгін біздің ортамызда ауылдық жерлерде өрт қауіпсіздігі инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтар да отыр.

Бұл шын мәнінде әлеуметтік жауапкершілігі жоғары және отаншыл адамдарға тән әрекет екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

akorda.kz

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Отырыс барысында экономикалық дамудың өзекті мәселелері бойынша халықаралық сарапшылардың ұсыныстары тыңдалды.

Қатысушылар әлемдік нарықтардағы қазіргі ахуал, экономикалық өсімді ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру және халықтың әл-ауқатының тұрақты өсуіне жағдай жасау мәселелері бойынша пікір алмасты.

Әңгіме барысында экономика құрылымын нығайту және шикізаттық емес секторды әртараптандыру, Қазақстанның өнеркәсіптік саясатын жетілдіру жөнінде бастамалар сөз болды.

Сарапшылар шетелдік инвестициялар ағынын көбейту және жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау тәсілдерін ұсынды.

Өңірлердің өнеркәсіптік мамандануын дамытуға, экспорттық әлеуетті кеңейтуге және стратегиялық инвесторларды тартуға назар аударылды.

Сондай-ақ жеке капиталдың қатысуын кеңейту мәселелері талқыланды.

Жиын қорытындысы бойынша Премьер-министр жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға айтылған ұсыныстарға талдау жүргізуді тапсырды.

primeminister.kz

«АЛТЫНЕМЕЛ – ҚҰЛАНДАР МЕКЕНІ»: ЖЕТІСУДАҒЫ ТУРИСТІК ФЕСТИВАЛЬГЕ БЕС ЕЛДЕН ҚОНАҚТАР КЕЛДІ



Жетісу облысындағы «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде өткен «Алтынемел – құландар мекені» туристік және мәдени-экологиялық фестиваліне мыңнан астам адам жиналды. Қатысушылар қатарында Ұлыбритания, Үндістан, Франция, Ресейден, соның ішінде Якутиядан қонақтар, сондай-ақ Астана, Алматы, Талдықорған қалалары мен Алматы облысының тұрғындары бар. Биыл фестиваль алғаш рет республикалық деңгейде ұйымдастырылды. Фестиваль аясында спорттық жүгіру жарыстары, этномәдени қойылымдар, ежелгі петроглифтерге экскурсиялар өткізіліп, құландарды табиғи мекенінде тамашалау мүмкіндігі жасалды. Бүгінде табиғи парктегі құландар саны 3500 бастан асқан, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.Фестивальге облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев, ҚР Туризм және спорт министрлігінің өкілдері, travel-блогерлер, инфлюнсерлер, жалпы экологиялық туризмге қызығушылар қатысты. Ұйымдастырушылар - «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, облыстық туризм басқармасы, «Vizit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивальдің мақсаты – өңірдің туристік әлеуетін насихаттау.

- Бұл фестиваль – Туризм және спорт министрлігінің ірі мәдени-туристік іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген үш шараның бірі. Оның ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Негізгі мақсаты – келушілерді ұлттық парктің бірегей табиғи және тарихи-мәдени мұрасымен таныстыру, сирек кездесетін жануарларды қорғауға назар аудару және табиғатты аялаудың маңызын насихаттау. Жалпы, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың басшылығымен өңірде туризмді дамытуға қажетті шаралар қабылданып, туристік инфрақұрылымды жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде. Соның нәтижесінде Жетісу облысына жыл сайын 2 милиондай турист келеді, – деді Марлен Көлбаев.

Биыл фестиваль Шолақ тауларының бөктерінде 5 және 10 шақырымдық эко-жарыспен басталды. Жарысқа қатысушылар белсенді демалыс пен экологиялық мәдениетті ұштастыра отырып, тау ландшафтары аясында жүгірді. Жарыс жеңімпаздары арнайы медальдармен марапатталды.

Осы күні ұлттық парктегі визит орталық алаңында далалық рухтағы мәдени шаралар көрермен назарына ұсынылды. Атап айтқанда, кеушілер фестиваль сахнасынан «Қылыш айналдыру», «Айбалта шоуын» тамашалап, көшпелілердің жауынгерлік дәстүрі көпшілікке паш етілді. Сол сияқты өнерпаздар ұлттық аспаптарда өнер көрсетті. Фестиваль қонақтары Шолақ тауларындағы ежелгі петроглифтерге экскурсияға барып, мыңдаған жыл бұрын жартастарға қашалған, Жетісудың көне тарихынан сыр шертетін суреттер мен таңбаларды көрді.

Сол сияқты визит-орталық алаңында петроглифтер мен көне түркі жазуына және дәстүрлі қолөнерге арналған шеберлік сабақтары, балаларға арналған ойындар мен квестер өткізіліп, қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Сөйтіп, фестиваль табиғатпен бірге тыныстай отырып, ұлттық мәдениетті тануға, туған өлкенің тарихын сезінуге мүмкіндік беретін мәдени-танымдық алаңға айналады.

Келген қонақтар іс-шара туралы ой-пікірлерін білдірді.

- «Алтынемел» ұлттық паркіне визит-орталық ашылғанда бірінші рет келгенмін. Бүгін екінші мәрте келіп отырмын. Осы фестивальдің өтетіні туралы Инстаграм әлеуметтік желісінен көріп, күйеуім екеуіміз Алматыдан арнайы келдік. Таңертең 5 шақырымдық кроссқа қатыстық. Маршрут өте қызық болды. Өзім жартасқа өрмелеумен айналысамын, сондықтан спорттық шараға қатысу аса қиындық туғызған жоқ. Бүгінгі фестивальда этникалық атмосфера бар, ежелгі тарих туралы сан қилы фантазияға берілдік, көне көшпелі халықтардың тынысын сезіндік. Сондықтан бұл сапар маған ерекше әсер етті, - дейді алматылық Дарья Никишина.

- Туристік компания өкілімін. Ұлттық паркке алғаш рет келіп отырмын. Өзіміз туристік салада жүргеннен кейін Қазақстанның табиғаты мен тарихын үйлестірген осындай көрнекті жерлерін насихаттауға атсалысайық деген ойымыз бар, оның үстіне фестивальді тамашаласақ, құландарды көрсек деп келдік. Өзім SMM маманымын, менімен бірге дронмен түсірілім жасаушы азамат бірге келді, біз бейнежазбалар түсіріп, осы парктің мүмкіндіктерін барынша кең таратсақ дейміз, - дейді Гүлдана Қаршигина.

Келушілердің ішінде шетелдік азаматтар да бар.

• Қазақстанға бұл екінші рет келуім. Мені бұл елдің көркем табиғаты, ұлттық мәдениеті қызықтырады. Тұрғындарының қонақжайлығы ерекше. Әлеуметтік желідегі жазбаларым арқылы өз оқырмандарыма Қазақстанның кереметтері туралы мол мәлімет беріп отырамын, - дейді ұлыбританиялық Джорж Купер.Ұлттық парк мамандары бір кездері саны күрт азайып, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген құландардың бүгінде «Алтынемелде» арнайы бағдарлама негізінде саны көбейтіліп, ол парктің табиғи символдарының біріне айналғанын айтады.

- Бүгінгі фестивальға келушілерге құландарды табиғи ортада тамашалауға мүмкіндік жасалып отыр. Бір атап өтерлігі, 1982 жылы небәрі 32 құлан болса, биыл олардың саны 3 571 басқа жетті. Бұл – табиғатты қорғау жұмыстарының нақты нәтижесі және сирек кездесетін жануарлар популяциясын қалпына келтірудің жарқын үлгісі, – дейді «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің директоры Қуат Байтұрбаев.

Жалпы, өңірде туризм саласын дамыту 5 дестинацияға негізделген, соның бірі – ұлттық парктер. Былтыр «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне 32 мың адам келсе, соның 11 мыңы – шетелдіктер.

Фотограф: Бекен Нұрхан.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУ АУЫЛДАРЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЯСЫ КЕҢЕЙТІЛУДЕ: САРЫӨЗЕКТЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН АУРУХАНА АШЫЛДЫ



Жетісу облысы Кербұлақ ауданының тұрғындары сапалы медициналық көмекке қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Енді қажетті тексерулерден өтіп, ем-домды аудан аумағында алуға болады. Республика күні қарсаңында Сарыөзек ауылында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сейсмикалық күшейтуден өткен орталық аудандық аурухана ашылды. Жалпы, соңғы үш жылда ауданның ауылдық елді мекендерінде 19 жаңа денсаулық сақтау нысаны салынып, пайдалануға берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кербұлақ аудандық орталық ауруханасының стационарлық бөлімі 1986 жылы салынған. Ғимарат пайдалануға берілгеннен бері күрделі жөндеу жүргізілмеген. Жүргізілген жұмыстар стационарлық медициналық көмек көрсету жағдайларын жақсартуға, пациенттер мен медицина қызметкерлері үшін қолайлы орта қалыптастыруға, сондай-ақ мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуға мүмкіндік береді. Жаңартылған ғимарат 120 төсек-орынға арналған.

- Біздің аурухана - аудан тұрғындарына алғашқы медициналық-санитариялық және мамандандырылған медициналық көмек көрсететін көпбейінді медициналық ұйым. Мұнда терапиялық, хирургиялық және травматологиялық көмек көрсетіледі. Аурухана құрылымына перзентхана, педиатрия, инфекциялық және басқа да бөлімшелермен қатар, диагностика және реанимация бөлімдері кіреді, - деді Кербұлақ аудандық ауруханасының директоры Жанета Нұрманбетова.

Аудандық орталық аурухананы жаңғыртудың басты игіліктерінің бірі – мұнда медициналық жабдықтар жаңартылды.

Мекемеде кадр мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген.

Мұнда 83 бірлік медициналық техника, сондай-ақ 601 дана жиһаз бен төсек-орын жабдықтары сатып алынды. Қазіргі уақытта ауруханада компьютерлік томограф, рентген, маммограф және ультрадыбыстық зерттеу (УЗИ) аппараттары толыққанды жұмыс істеп тұр. Осылайша аудан тұрғындарына заманауи диагностикалық қызмет көрсетіледі. Бұл - өңір халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Мекемеде кадр мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген. Кадрлық әлеуетті нығайту мақсатында 2024 жылдан бері ауданға 14 дәрігер жұмысқа келді.

- Мен аудандық ауруханада жас маманмын, эндокринолог дәрігер болып жұмыс істеймін. Маған 10 млн теңге көлемінде біржолғы көтермеақы берілді, бұл бізге - үлкен қолдау. Сонымен қатар баспана мәселесі де шешілді. Мұндай мемлекеттік қолдау ауылдық жерлерді білікті медицина мамандарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ендігі менің басты міндетім – өзіме артылған сенімді ақтау. Өз тарапымнан пациенттерге сапалы медициналық көмек көрсету үшін бар күшімді салып келемін. Осы тұрғыдан алғанда, аурухананың жаңартылуы да жұмысымызға үлкен қолдау болып отыр, - деді Айдана Маратқызы.

Жаңартылған аурухана туралы жергілікті тұрғындар пікір білдірді. Солардың қатарында Сарыөзек ауылының тұрғыны Жанат Ахметова да бар:

– Менің төрт қызымның төртеуі де осы ауруханада дүниеге келді. Әрине, соңғы жылдары аурухана ғимараты ескіріп, тозған болатын, сондықтан күрделі жөндеу жасағаны жақсы болды. Ауруханамыз заманауи кейіпке енді, жаңа құрал-жабдықтар әкелінді. Ауданға дәрігерлер, жаңа мамандар келіп жатқанына қуаныштымыз. Жалпы алғанда, мұның бәрі тұрғындардың денсаулығын жақсартуға оң әсер етеді деп сенеміз, - деді ол.

Бұл пікірге ауыл тұрғыны Сламбай Тоқабаев та қосылды:

- Ауруханамыз ашылғалы бері, яғни осыдан 40 жылдай уақыт бұрын салынғаннан бері күрделі жөндеу жүргізілмеген. Мысалы, бұрын стационарға емделуге келгенде іші қараңғы, бәрі ескі болатын. Тіпті, кейде жазылып шығатыныңа деген сенім де азаятын. Қазір бәрі өзгерді: іші жарық әрі жайлы. Сонымен қатар барлық қажетті медициналық жабдықтар орнатылған. Бұрын компьютерлік томографиядан (КТ) өту үшін Талдықорғанға баруға тура келетін. Енді бұл мәселе де шешілді. Бұған қоса, мемлекеттік қолдаудың арқасында ауданымызға білікті дәрігерлер келді, – деп ой бөлісті ауыл тұрғыны.

Кербұлақ аудандық орталық ауруханасының жаңартылып, қолданысқа берілуі ауданның денсаулық сақтау саласын дамытудағы маңызды кезең деуге болады. Медицина мамандарының жұмысына және пациенттердің ем алуына заманауи жағдай жасау медициналық қызмет сапасын арттыруға әрі тұрғындарға уақытылы көмек көрсетуге бағытталған.

Еске салсақ, бұған дейін Ақсу ауданындағы орталық аудандық аурухана да күрделі жөндеу мен сейсмикалық күшейту жұмыстарынан кейін пайдалануға берілген болатын.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘР АДАМНЫҢ ПАРЫЗЫ

Сыбайлас жемқорлық - өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады .

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдардан арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңдағы қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделердің бұзылуына түрткі болады .

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағытының бірі – оның алдын алу болып табылады. Осы мақсатта ҚР АШМ ВБжҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясында, апта сайын жиын өткізіліп тұрады, қызметкерлер ойын ашық айтып, ортаға салады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, мекемеміздегі барлық жұмыс компьютерлеріне (Сізден пара сұраса хабарласыңыз 1424 тел, қоңырау шалу тегін) экрандық жұмыс үстеліне (рабочий стол) қойылған және арнайы көрнекілік стендтармен жабдықталған.

Инспекция басшысының азаматтарды қабылдау кестесі көрсетілген, азаматтарды қабылдау жұмысы ұдайы жүргізіліп отырады. Ұсыныстар үшін арнайы жәшік қойылған.

Е.Қиялбеков,
ҚР АШМ ВБжҚК Ескелді
аудандық аумақтық
инспекциясының басшысы

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БЕЙІМДЕЛГЕН МЕКТЕПТЕР САНЫ ЕКІ ЕСЕ ҚЫСҚАРДЫ: РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ТАҒЫ БІР ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Республика күні 25 қазан

Республика күні қарсаңында Жетісу облысында бейімделген ғимараттың орнына жаңа мектеп пайдалануға берілді. Осылайша, биыл өңірде 5 жаңа мектептің құрылысы аяқталып, тағы 2 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Облыс құрылғаннан бері 24 жаңа білім беру нысаны салынып, 27 нысанға күрделі жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар бейімделген ғимараттарда орналасқан мектептер саны екі есе азайды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жаңа мектеп Кербұлақ ауданының Көксай ауылында пайдалануға берілді. Бұған дейін мектеп 1970 жылдардың соңында салынған, бейімделген бір қабатты ғимаратта орналасқан еді.

Онда асхана мен спорт залы болмаған.

Ал ғимарат салынғалы бері тек ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

- Біздің мектеп 60 орынға арналған. Бұрынғы ғимараттың салынғанына 50 жылдан астам уақыт болғандықтан, қазіргі талаптарға сай келмеді.

Енді оқушыларымыз пәндік кабинеттермен, спорт және акт залдарымен, кітапхана және зертханалармен жабдықталған заманауи мектепте білім алады. Қазіргі уақытта мектебімізде 20 мұғалім жұмыс істейді, оның бесеуі – жас маман. Мектепте 51 бала оқиды, - деді Көксай негізгі мектебінің директоры Әсем Сарыбаева.

Лента қию рәсімінен кейін іс-шараға қатысушылар мен ауыл тұрғындары жаңа мектептің ішін аралап көрді.

Жаңа мектеп туралы ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар пікір білдірді.

- Көксай мектебінде 38 жыл еңбек еттім. Жаңа мектептің ашылуы – бәріміз үшін, тұтас ауыл үшін үлкен қуаныш. Әрине, барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған заманауи мектепте бізге, ұстаздарға, жұмыс істеу әлдеқайда қолайлы болады. Мен өскелең ұрпақтың тәрбиесіне бұдан былай да үлесімді қоса беремін, – деді мектеп мұғалімі Рауза Сқақбаева.

- Бұл мектепте менің балаларым оқыды, енді немерелерім білім алып жүр. Барлық ауылдастарымды құттықтаймын! Балаларымыз жаңа мектепте жақсы оқысын, – деді ауыл тұрғыны Коку Даева.

- Ескі мектеп қыста салқын болатын, ал жаңа мектеп жылы, жайлы әрі жарық.

Мұнда арнайы кабинеттер мен сан түрлі жабдықтар бар. Енді олимпиадалар мен байқауларға қатысуға мүмкіндігіміз молайды. Біз мектебіміздің мәртебесін көтеруге бпар күш-жігерімізді саламыз, - деді мектеп оқушысы Сания Асхатқызы.

9-сынып оқушысы Сайдхасан Балтаев та осындай пікірде:

- Жаңа мектеп ескі мектептен әлдеқайда үлкен. Жеке спорт залы мен заманауи жабдықталған түрлі кабинеттері бар. Білім алуға жағдай әлдеқайда жақсарды. Біз де жақсы оқуға тырысамыз, – деді ол.

Атап өтсек, биыл өңірде Панфилов ауданының Сұптай ауылында, Текелі қаласының Рудничный ауылында, Ақсу ауданының Көлтабан ауылында және Кербұлақ ауданының Көксай ауылында жаңа мектептер пайдалануға берілді. Сондай-ақ Көксу ауданының Бозтоған ауылындағы Мұсабек атындағы және Ескелді ауданының Елтай ауылындағы С. Сейфуллин атындағы мектептерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Бұдан бөлек, Қаратал ауданының Үштөбе қаласында 600 орынды жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде.

Сонымен қатар қайтарылған активтер есебінен Көксу ауданының Балпық би ауылында 600 орындық мектеп салынып жатыр.Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

СОТ ЗАЛЫНДА ӨЗІҢДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?

Процеске алғаш рет қатысатындарға арналған жадынама

Құрметті сот процесіне қатысушылар!

Сот отырысы – әрбір қатысушыдан тәртіпті, сабырлылықты және сотқа құрметпен қарауды талап ететін ресми рәсім. Егер сіз сот процесіне алғаш рет қатысатын болсаңыз, төмендегі қарапайым ережелерді есте сақтаңыз.

1. Сот отырысына алдын ала келіңіз

Сот отырысына белгіленген уақыттан 10–15 минут бұрын келуге тырысыңыз.

Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңізді және қажетті құжаттарды алыңыз.

Сот ғимаратында тыныштық сақтап, сот қызметкерлерінің нұсқауларын орындаңыз.

2. Сот залына кіргенде

Сот залына кірген кезде тыныштық сақтаңыз.

Сот отырысына шақырылған жағдайда, өз орныңызға отырыңыз.

Телефоныңыздың дыбысын өшіріңіз.

Сот залына құрметпен қарап, басқа қатысушыларға кедергі келтірмеңіз.

3. Судья сот залына кіргенде және шыққанда

Судья сот залына кіргенде және шыққанда, сотқа қатысушылар, заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, орындарынан тұрады.

Судьяға және сот процесінің басқа қатысушыларына құрметпен қараңыз.

Сот отырысы барысында тәртіп пен тыныштықты сақтаңыз.

4. Сот отырысы кезінде

Сөзді тек төрағалық етуші судья рұқсат берген кезде сөйлеңіз.

Сұрақтарға нақты, түсінікті және сабырлы жауап беріңіз.

Басқа қатысушылардың сөзін бөлмеңіз.

Айқайлауға, дөрекі сөйлеуге, дауласуға және сот отырысына кедергі келтіруге жол бермеңіз.

Соттың рұқсатынсыз өз орныңыздан тұрмаңыз және залдан шығып кетпеңіз.

Фото және бейнетүсірілімді, аудиожазбаны тек заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырыңыз.

5. Егер сізге сөз берілсе

Алдымен судьяға назар аударыңыз.

Өз ойыңызды қысқа әрі нақты жеткізіңіз.

Егер сұрақты түсінбесеңіз, оны қайталап түсіндіруді сұраңыз.

Қарсы тараптың пікіріне келіспесеңіз де, әдептілік сақтаңыз.

Өз құқықтарыңызды заң аясында қорғаңыз.

6. Сот отырысы аяқталғаннан кейін

Судьяның нұсқауларын тыңдаңыз.

Қажет болған жағдайда сот қызметкерлерінен келесі әрекеттер туралы ақпарат сұраңыз.

Сот залынан тыныштық сақтап шығыңыз.

Сот процесіне қатысты құжаттарды белгіленген тәртіппен алыңыз.

Есте сақтаңыз!

Сот залындағы тәртіп – сотқа деген құрметтің белгісі.

Сіз өз құқықтарыңызды қорғауға құқылысыз. Ол үшін сот отырысында сабырлы болыңыз, белгіленген тәртіпті сақтаңыз және сот процесіне жауапкершілікпен қараңыз.

Бұл жадынама сот процесіне алғаш рет қатысатын азаматтарға арналған ақпараттық материал болып табылады. Сот отырысында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталуға тиіс.

Құрметпен
Ескелді аудандық сотының
сот мәжілісінің
хатшысы А.А.Усманова

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУДЫҢ ҮШТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Республика күні 25 қазан

Республика күні қарсаңында Жетісу облысының Үштөбе қаласында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жаңарған заманауи орталық саябақ пайдалануға берілді. Бұл – биыл өңірде жөндеу жүргізіліп жатқан 7 саябақтың бірі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Саябақтың ашылу салтанатына аудан әкімі Ұлан Досымбеков, ардагерлер, жастар өкілдері, аудан тұрғындары – жалпы саны 1,5 мың адам жиналды. Алдымен аудан әкімі көпшілікке өңір басшысы Бейбіт Исабаевтың құттықтау хатын оқып берді. «Бүгін Мемлекет басшысының елді мекендерді көркейтуге, абаттандырып, көгалдандыруға үлкен серпін беріп отырған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында түбегейлі жаңарған жаңа саябақтың іске қосылуына куә болып отырсыздар. Мұнда амфитеатрдан бастап, балалар ойын алаңдарына дейінгі демалысқа қажетті барлық жағдай жасалған. Ендігі ретте ортақ игілікке қамқорлық танытып, оны күтіп ұстау – аудан тұрғындарының парызы. Бүгін қолданысқа беріліп отырған саябақ қаладағы ең көрнекті демалыс орындарының бірі болады деген сенімдемін. Жетісуымыз көркейіп, гүлдене берсін! Баршаңызға еңбекте табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін», - делінген құттықтау хатта.

Тұрғындар атынан еңбек ардагері Рақымғали Өтегенов сөз алып, ізгі тілегін білдірді. Мұнан соң саябақтың ресми ашылғанының символы ретінде лентасы қиылды. Сондай-ақ жиналған қауым саябақ ішіне 50-ге тарта ағаш отырғызды.

Атап өтсек, Үштөбедегі орталық саябақ 1936 жылы салынған. Соңғы рет 2015 жылы жөндеуден өткен демалыс орны араға он жылдан астам уақыт салып, бүгінгі заман талаптарына сай жаңғыртылып, қайтадан халық игілігіне ұсынылып отыр. Оның жалпы аумағы - 6,6 гектар.

Абаттандырылған саябақта тұрғындар мен аудан қонақтарының бос уақытын тиімді өткізуіне, отбасымен серуендеуіне және спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасалған. Мұнда спорт алаңдары, балалар ойын алаңқайлары, 200 адам сиятын амфитеатр, сәулеттік ескерткіштер мен субұрқақтар орнатылған. Сол сияқты ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздан хабардар ететін «Жеті қазына» алаңы бар. Жыл басынан бері саябақта 1 200 ағаш көшеті отырғызылса, соның 750-і қарағай, 450-і ақ қайың. Жасыл желекті күтіп-баптау және су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында тамшылатып суару жүйесі орнатылған.

Саябақтың ашылуына келген тұрғындар өз пікірлерін білдірді.

- Үштөбе қаласында 1980 жылдардан бері тұрамын. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мені осындағы «Үштөбе орман шаруашылығы» мекемесіне жолдамамен жұмысқа жіберді. Қазір зейнеткермін. Қаламыз жылдан жылға дамып келеді. Жолдар жасалып, көшелер көркейтіліп, жасыл желекке орануда. Әсіресе, осы парктің жаңа кейіпте қолданысқа берілгеніне қуаныштымыз. Бұрын бұл парк тозып тұрған, үлкен ағаштары ескіріп, құраған, демалысқа қолайлы емес еді. Бүгін орталық саябақ жаңа бет-бейнесімен халықты қуантып жатыр. Қазір жаңартылғаннан кейін паркті тіпті танымай қалдық десе де болады. Паркте бейнекамералар да қойылған. Ол мұндағы дүние-мүлікті сындырмай, тоздырмай ұстауға ықпал етеді деп ойлаймын. Әсіресе айналаға жастар жанашырлықпен қараса екен дейміз. Енді немерелерімізбен, қатарластарымызбен келіп, саябақта еркін демала аламыз, - дейді Көпбай Әкімов.

- Парктің ішінде спорт алаңдары бар. Балалардың ойын алаңдары да салынды. Бұл бізге өте жақсы болды. Енді спорттық ойындарды алаңсыз ойнауға мүмкүіндігіміз бар, - дейді оқушы Мұрат Айбын.

- Биыл Үштөбе қаласына 65 жыл толып отыр. Осы айтулы мерейтой қарсаңында Республика күніне орай қалада жаңа саябақтың ашылуы аудан орталығының тұрғындары үшін үлкен тарту болды.

Жыл басында облыс әкімі саябақты жөндеп, көркейтіп береміз деп уәде берген болатын. Бүгін, міне, сол айтылған уәденің орындалғанына куә болып отырмыз. Үштөбе қаласы тұрғындарының атынан облыс басшылығына ризашылығымды білдіремін. Жерлестеріме айтарым, енді біз бұл игіліктерді балаларымызға, ұрпақтарымызға осы көрікті қалпында қалдыруымыз керек. Саябағымызды күтіп ұстайық! – деді Никита Опрышко.

Атап өтсек, облыста елді мекендерді абаттандыру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында 2022-2025 жылдары 40 саябаққа жөндеу жүргізілсе, биыл 7 парк, 1 сквер, 4 аллея жөндеуден өткізілуде. Жалпы, облыс құрылғаннан бері Талдықорған қаласында, сондай-ақ Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов аудандарында 14 жаңа саябақ, 6 сквер және 4 аллея салынды. Сондай-ақ Талдықорған қаласында «Тасбақа», Сарқанда «Қойтас», Текеліде «Серкесай» экопарктері құрылды.

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Төртінші экопарк ретінде Қапалдағы «Тамшыбұлақты» дамыту қолға алынбақ.

Оларды құрудағы мақсат - Жетісуда экологиялық және мәдени-танымдық туризмді дамыту, сондай-ақ өңірдің табиғи және тарихи ерекшеліктерін кеңінен насихаттау.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫНА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ДАМЫТУ

Әрбір бала отбасында өмір сүріп, ата-ананың мейірімін сезінуге, қамқорлық пен сүйіспеншілікке бөленуге лайық. Отбасы – баланың тұлға болып қалыптасуына негіз болатын, өмірге деген сенімін арттыратын ең маңызды орта. Сондықтан жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастыру, соның ішінде патронаттық тәрбиені дамыту – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың тәрбиеленуіне, білім алуына және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше мән береді. Баланың қауіпсіздігі, құқықтары мен ең үздік мүдделері отбасына орналастыруға қатысты барлық шешімдерде бірінші кезекте ескерілуі тиіс.

Балаларды отбасына орналастырудың маңызы Баланың отбасында тәрбиеленуі оның эмоционалдық дамуына, қоғамға бейімделуіне және өзіне деген сенімінің қалыптасуына оң әсер етеді. Отбасындағы жылулық пен тұрақтылық баланың өзін қауіпсіз сезінуіне, болашаққа сеніммен қарауына және толыққанды тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың заңды нысандарына асырап алу, қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу, патронаттық тәрбие және заңнамада көзделген өзге де нысандар жатады. Әрбір нысан баланың жеке қажеттіліктерін, қауіпсіздігін және мүдделерін ескере отырып қарастырылуы қажет.

Патронаттық тәрбие – балаға отбасылық жылулық сыйлаудың маңызды жолы

Патронаттық тәрбие – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасында тәрбиеленуіне мүмкіндік беретін отбасына орналастыру нысандарының бірі. Ол балаға жеке көңіл бөлінетін, қамқорлық пен қолдау көрсетілетін ортада өмір сүруге жағдай жасауға бағытталған.

Патронаттық тәрбие баланың күнделікті өміріне тұрақтылық енгізіп, оның эмоционалдық қажеттіліктерін ескеруге, білім алуына және қоғамға бейімделуіне қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай тәрбие түрінде баланың қауіпсіздігі, құқықтары мен заңды мүдделері басты назарда болуы тиіс.

Патронаттық тәрбиеге ниет білдірген азаматтар балаға қамқорлық көрсетуге, оның жеке ерекшеліктерін түсінуге және тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға дайын болуы қажет. Бұл – мейірімділікті, сабырлылықты және балаға тұрақты қолдау көрсетуді талап ететін маңызды шешім.

Патронаттық тәрбиені дамыту және қоғамның рөлі Патронаттық тәрбиені дамыту үшін қоғам арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Азаматтарға патронаттық тәрбиенің мәнін, ерекшеліктерін, рәсімдері мен талаптарын түсіндіру, балалардың отбасында тәрбиеленуінің маңызын насихаттау – осы бағыттағы негізгі міндеттердің бірі.

Патронаттық тәрбиеге қызығушылық танытқан азаматтар тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі уәкілетті органға жүгініп, қойылатын талаптар, қажетті құжаттар мен рәсімдер туралы ресми ақпарат ала алады.

Балалардың құқықтарын қорғау бағытында білім беру ұйымдарының, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының, әлеуметтік қызметтердің және қоғам өкілдерінің өзара ынтымақтастығы маңызды. Бірлескен жұмыс баланың мүддесін қорғауға, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және отбасылық ортада тәрбиелену мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Балаларға қамқорлық жасау – тек белгілі бір мекеменің немесе жекелеген азаматтардың міндеті емес, баршамызға ортақ адамгершілік парыз. Әрбір баланың бақытты балалық шаққа, отбасылық жылулыққа және жарқын болашаққа құқығы бар.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастыруға қолдау көрсету, патронаттық тәрбиенің маңызын түсіндіру және азаматтардың жауапкершілігін арттыру арқылы балалардың өміріне оң өзгеріс енгізуге болады. Балаға отбасы сыйлау – оның өміріне үміт сыйлау, ертеңгі күнге сеніммен қадам басуына мүмкіндік беру.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Нашақорлық – қазіргі қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі. Есірткі заттарын қолдану адам денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, оның өміріне, отбасына және қоршаған ортасына кері әсерін тигізеді.

Сондықтан нашақорлықтың алдын алу және есірткі заттарының заңсыз айналымына жол бермеу – қоғамның ортақ міндеті.

Әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортпен айналысуға, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға және зиянды әдеттерден аулақ болуға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде есірткі заттарын насихаттайтын және заңсыз айналымына тартуға бағытталған ақпараттардың таралуының алдын алу да маңызды.

Осыған байланысты тұрғындарға күмәнді ақпараттарға назар аударып, заңсыз контентке тап болған жағдайда тиісті органдарға хабарлау қажеттігі түсіндіріледі.

Нашақорлықпен күрес тек белгілі бір мекемелердің ғана жұмысы емес. Бұл – ата-ана, мектеп, жастар, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп атқаратын маңызды міндет.

Нашақорлыққа немқұрайлы қарамайық!

Жастарымыздың болашағын бірге қорғайық.

Салауатты өмір салтын таңдап, есірткіге жол бермейік!

«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» М.М. жетекші маман М.Чингисбаева

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар қоғамның барлық саласында кеңінен қолданылуда. Соның ішінде сот жүйесін цифрландыру – сот төрелігінің тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Сот жүйесіндегі цифрландырудың басты артықшылықтарының бірі – уақытты үнемдеу. Электрондық сервистер арқылы азаматтар сотқа талап қою арыздарын, өтінішхаттар мен басқа да құжаттарды электрондық түрде жолдай алады. Бұл құжаттарды рәсімдеу мен жіберуді жеңілдетіп, сот процесіне қатысушылардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар сот жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігін арттырады. Азаматтар сот істері туралы қажетті ақпаратты электрондық жүйелер арқылы ала алады. Бейнебайланыс құралдарын пайдалану белгілі бір жағдайларда сот отырыстарына қашықтан қатысуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе басқа елді мекенде тұратын немесе сотқа жеке келуі қиын адамдар үшін маңызды.

Цифрландыру сот қызметкерлерінің жұмысын да жеңілдетеді. Электрондық құжат айналымы қағаз құжаттардың көлемін азайтып, ақпаратты сақтау мен іздеуді оңайлатады. Нәтижесінде сот қызметкерлері өз міндеттерін тиімді ұйымдастырып, істерді қарау барысында қажетті ақпаратқа жылдам қол жеткізе алады.

Дегенмен сот жүйесін цифрландыру барысында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың жеке деректерін қорғау және техникалық мәселелердің алдын алу маңызды болып табылады. Цифрлық технологиялар заң талаптарына сәйкес қолданылып, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

Қорытындылай келе, сот жүйесін цифрландыру – сот қызметін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі. Ол уақытты үнемдеуге, құжат айналымын жеңілдетуге және азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Сондықтан цифрлық технологияларды тиімді әрі қауіпсіз пайдалану – заманауи сот жүйесін дамытудың маңызды қадамдарының бірі

Р.Е.Асқарбай
Ескелді аудандық сотының судьясы

ҚАРАШІЛІК АУЫЛЫНДА ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ АШЫЛДЫ: ҚОЛЖЕТІМДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ЖӘНЕ МӘМС МҮМКІНДІКТЕРІ

Жетісу облысы, Ақсу ауданы. Қарашілік ауылында заманауи блокты-модульді медициналық пункт пайдалануға берілді. Жаңа нысан ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитариялық көмектің қолжетімділігін арттыруға және медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.Аудан орталығынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан медициналық пункт Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясына қарайды.«Тұрғылықты халық тіркелімі» ақпараттық жүйесінің мәліметіне сәйкес, Қарашілік ауылында 525 тұрғын тіркелген. Оның ішінде 342 ересек адам, 34 жасөспірім және 149 бала бар. Медициналық пунктте екі медицина қызметкері мен бір кіші қызметкер еңбек етеді. Медициналық пунктте қандай қызметтер көрсетіледі?

Медициналық пункттің негізгі міндеті – тұрғындарға алғашқы медициналық көмек көрсету, аурулардың алдын алу және қажет болған жағдайда пациенттерді қосымша тексеруге жіберу.

Медициналық пунктте: дәрігерге дейінгі және шұғыл медициналық көмек көрсетіледі;

профилактикалық қарап-тексеру жұмыстары жүргізіледі;

медициналық көрсетілімдерге сәйкес пациенттер жалпы практика дәрігеріне және басқа да бейінді мамандарға жолданады.Қажет болған жағдайда ауыл тұрғындары Сағабүйен ауылдық дәрігерлік амбулаториясына жүгініп, медициналық тексеруден өте алады, диспансерлік бақылауда болады, күндізгі стационарда ем қабылдайды және басқа да қажетті медициналық қызметтерді пайдалана алады.

МӘМС: медициналық көмекті қалай алуға болады?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі халыққа медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.МӘМС аясында сақтандырылған азаматтар белгіленген пакетке, медициналық көрсетілімдерге және көмек көрсету тәртібіне сәйкес бейінді мамандардың консультацияларын ала алады, диагностикалық тексерулерден өтеді және басқа да медициналық қызметтерді пайдаланады.

Тұрғындарға сақтандыру мәртебесін үнемі тексеріп отыру ұсынылады. Мұны eGov.kz порталы, Qoldau 24/7 сервисі және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми ақпараттық ресурстары арқылы жасауға болады.

Егер маманның консультациясы немесе қосымша тексеру қажет болса, тұрғындар өздері тіркелген медициналық пунктке немесе медициналық ұйымға жүгінуі керек. Медицина қызметкерлері қажетті қызметтерді алу және жолдама рәсімдеу тәртібін түсіндіреді.Маңызды: сақтандырылған мәртебенің болмауы азамат медициналық көмектің барлық түрінен айырылады дегенді білдірмейді. Заңнамада көзделген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін қызметтер, оның ішінде алғашқы медициналық көмектің тиісті түрлері мен шұғыл көмек МӘМС жүйесіндегі мәртебеге қарамастан көрсетіледі.Медициналық қызметтер мен оларды алу шарттары туралы қосымша ақпаратты Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми ақпараттық арналары арқылы білуге болады. Қарашілік ауылында жаңа медициналық пункттің ашылуы – ауылдық денсаулық сақтау саласын дамыту жолындағы маңызды қадам. Енді тұрғындар алғашқы медициналық көмекті тұрғылықты жеріне жақын жерде алып, профилактикалық тексерулерден уақытылы өтіп, қажетті медициналық қызметтерге жүгіне алады. Халықтың медициналық сауаттылығын арттыру және МӘМС жүйесінің мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру азаматтардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

КеАҚ «Әлеуметтік медициналық сақтандыру» қоры Жетісу облысы бойынша филиалы

В СЕЛЕ КАРАШИЛИК ОТКРЫТ НОВЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ ПУНКТ: ДОСТУПНАЯ ПОМОЩЬ И ВОЗМОЖНОСТИ ОСМС

Область Жетісу, Аксуский район. В селе Карашилик введён в эксплуатацию современный блочно-модульный медицинский пункт, призванный повысить доступность первичной медико-санитарной помощи и улучшить качество медицинского обслуживания сельских жителей.

Медицинский пункт расположен в 30 километрах от районного центра и относится к Сағабүйенской сельской врачебной амбулатории.

Согласно данным информационной системы «Регистр прикреплённого населения», в селе Карашилик зарегистрировано 525 жителей, в том числе 342 взрослых, 34 подростка и 149 детей. Медицинскую помощь населению оказывают два медицинских работника и один младший сотрудник.

Какие медицинские услуги доступны жителям?

Основная задача медицинского пункта — своевременное оказание первичной медицинской помощи, профилактика заболеваний и направление пациентов на дальнейшее обследование при необходимости.

В медицинском пункте предусмотрены:

оказание доврачебной и неотложной медицинской помощи;

проведение профилактических осмотров;

направление пациентов к врачу общей практики и другим профильным специалистам при наличии показаний.

При необходимости жители также могут обратиться в Сағабүйенскую сельскую врачебную амбулаторию для прохождения медицинских обследований, диспансерного наблюдения и лечения в дневном стационаре, а также получения других необходимых медицинских услуг.

ОСМС: как получить медицинскую помощь?

Важную роль в обеспечении доступности медицинских услуг играет система обязательного социального медицинского страхования (ОСМС).

В рамках ОСМС застрахованные граждане могут получать консультации профильных специалистов, проходить диагностические обследования и пользоваться другими медицинскими услугами в соответствии с предусмотренным пакетом, медицинскими показаниями и установленным порядком оказания помощи.

Жителям рекомендуется регулярно проверять свой статус застрахованности. Сделать это можно через портал eGov.kz, сервис Qoldau 24/7 и официальные информационные ресурсы Фонда социального медицинского страхования.

Если требуется консультация специалиста или дополнительное обследование, необходимо обратиться в медицинский пункт или медицинскую организацию, к которой прикреплён пациент. Медицинские работники разъяснят порядок получения необходимых услуг и оформления направления.

Важно помнить, что отсутствие статуса застрахованности не означает, что человек лишается всей медицинской помощи. Услуги, входящие в гарантированный объём бесплатной медицинской помощи, в том числе предусмотренная законодательством первичная и экстренная помощь, предоставляются независимо от участия в системе ОСМС.

Получить дополнительную информацию о медицинских услугах и условиях их предоставления можно через официальные каналы Фонда социального медицинского страхования.

Открытие нового медицинского пункта в селе Карашилик — важный шаг в развитии сельского здравоохранения. Теперь жители могут получать первичную медицинскую помощь ближе к месту проживания, своевременно проходить профилактические осмотры и обращаться за необходимыми медицинскими услугами. Повышение медицинской грамотности населения и информирование об ОСМС способствуют формированию ответственного отношения к собственному здоровью.

НАО «Фонд социального Медицинского страхования» филиал по области Жетісу

ЕАЭО ЕЛДЕРІНДЕ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТАР ЖАСАСУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Келісімнің қабылдану тарихы

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) күшіне енді. Оған сәйкес, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтары Одақ елдерінде еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналасқан елдің азаматтарымен тең дәрежеде қалыптастырады, сақтайды және іске асырады. ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет еңбекшінің 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін өз аумағында жинақтаған еңбек өтілі үшін ұлттық заңнамасына сәйкес зейнетақы тағайындайды.

Еске сала кетейік, қазіргі уақытта ЕАЭО құрамына бес мемлекет кіреді: Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы.

Еңбек шартын жасасудың қажеттілігі туралы

ЕАЭО елдерінің аумағында жұмыс күшінің еркін қозғалысы – Одақтың негізгі артықшылықтарының бірі. Оған мүше мемлекеттердің азаматтары басқа ЕАЭО елдерінің аумағында еңбек қызметін жұмыс істеуге рұқсат немесе патент алмай-ақ жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, өзге мүше мемлекетте жұмыс істейтін ЕАЭО азаматы жұмысқа орналасқан елдің азаматтарымен бірдей еңбек кепілдіктерін пайдалануға құқылы.

